

**Ақсу ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 22 қарашадағы N 890 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Ақсу ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 24 қарашада N 2-4-139 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 09 қаңтардағы N 3 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 09.01.2013 N 3 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5-5)-тармақшасына сәйкес, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен қамтамасыз ету үшін, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік құқығына қарамастан, Ақсу ауданының ұйымдары мен мекемелерінде, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санының үш процент мөлшерінде квота белгіленсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2012.09.27 N 517 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қорғанбаев Сәбит Бейсебекұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ә. Дүйсембаев*

**КЕЛІСІЛДІ:**

**" А қ с у а у д а н ы н ы ң  
ж ұ м ы с п е н қ а м т у ж әне  
элеуметтік бағдарламалар**

*мекемесі бастығы*  
22 қараша 2011 жыл

*бөлімі" мемлекеттік*  
*Бекбаламов Қайрат Тынбайұлы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ